



Электрэнергетика бөлімі

07130700 «Электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының 4S07130704 техник-электромеханик, 07130200 «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының 4S07130202 техник-электрик, 07130300 «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» мамандығының 4S07130303 техник-жылуэнергетигі мамандықтарының БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламалары:

**07130700 электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану;
4S07130704 техник-электромеханик;
07130200 электрмен қамтамасыз ету;
4S07130202 техник-электрик,
07130300 жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары;
4S07130303 техник – жылуэнергетигі**

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» «Электрэнергетика» бөлімінде 07130700 «Электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының 4S07130704 техник-электромеханик, 07130200 «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының 4S07130202 техник-электрик, 07130300 «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» мамандығының 4S07130303 техник-жылуэнергетигі біліктіктері бойынша мамандарын дайындайды.

Техник – энергетик келесі лауазымды қызметтерді атқара алады: бригада жетекшісі, шебер, құрылыс жұмыстарының жетекшісі, жөндеу, пайдалану және өндірістік учаскілерді басқару және «Атом электр станциясы», «Жылу электр станциясы», «З – Энергоорталық» АҚ, «Қуат жылу орталық – З», ауыл мектептерінде қазандық қондырғыларда, ауруханаларда, жылу тораптарының, қаланы сумен қамтамасыз ету, қаланы газбен қамтамасыз ету, зауыттардың басты энергетика бөлімдерінде, жылутехникалық және жылумеханикалық жабдықтарды конструкциялау жобалау институттарда, ғимараттарды жылумен қамтамасыз ету және басқа өндірістерде қала, облыс және Республика бойынша жұмыс атқара алады.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінің» «Энергетика» пәндер бірлестігінің комиссиясында 14 оқытушы қызмет етеді. Олардың біреуі зерттеуші, алтауы модератор санатты оқытушылар.

Өз пәндерін жетік меңгерген, жаңашыл, парасатты, интеллектуалды, қабілетті педагогтар сабақтарын оқу – әдістемелік және техникалық білім беру бағдарламаларына сәйкес жоғары дәрежеде өткізеді.

Бөлім меңгерушісі – Қодар Жасұлан Бекұлы.. Бөлімнің оқытушылар және қызметкерлер тізімі:

- 1) Абдукадирова У.А**
- 2) Ахметова А.С**
- 3) Әбілқасым Нуркен**
- 4) Бекбаев Ж.А**
- 5) Калашова М.М**
- 6) Қожатаева Ж.З**
- 7) Қодар Ж.Б**
- 8) Нұранова Ж.Ұ**
- 9) Нысамбекова А.Қ**
- 10) Оңғалапов С.Н**
- 11) Садық Н.А**
- 12) Сейтжан А.Ә**
- 13) Таттибаева А.М**
- 14) Толыбаев К.Ж**

Электрэнергетика бөлімінде студенттер теориялық білім алумен қатар, білімдерін зертханалық және тәжірибелік стендтерде іс жүзінде бекітеді.

Зертханалар өндірістік электрқондырғылар, зертханалық жұмыстарды орындауға бейімделіп, стендтерге құрастырылған және оқу бағдарламалары бойынша барлық жұмыстарды қамтыған. Жас маман жобасы бойынша алынған стендтерде қазіргі күні кәсіпорындар мен өндірістерде қолданылатын электрқондырғылар орнатылған. ПБК кабинеттері мен зертханалары интернет желісіне жалғанған компьютерлер, интерактивті тақталар, плазмалық экран т.б көрнекті құралдар оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен пайдаланады.

Сонымен қатар компьютермен басқарылатын электрмен қамтамасыздандыру жүйелерін, релелік қорғаныс пен автоматиканы және альтернативті энергия көздерін, соның ішінде күн энергетикасын оқып үйренуге арналған кешенді зертханалық стендтер орнатылған. Қазіргі таңда күн сәулесімен энергия өндеп, Политехникалық колледжінің лабораториялық корпусын жарықпен қамтамасыздандыруда.

Мамандық студенттері компьютермен жақсы таныс олар курстық және дипломдық жобалардың есептік-жазбаша және графикалық бөлімдерін орындауда пайдалана біледі. Курстық және дипломдық жобаларды қорғау кезінде интерактивті тақта т.б. техникалық құралдар кеңінен қолданылады.

Колледж түлектері бүгінгі күні әр түрлі жылу энергетика салаларында басты энергетик, қазандық қондырғыларының бастығы, инженер лауазымында қызмет етеді «Қуат жылу орталық -3» бас инженерінің орынбасары Төребеков Еділ, «3-Энергоорталық» АҚ бас инженері Ерботаев Жансерік, Электр цехының бастығы Марденов Дамир, «Ай Сервис Транс» ЖШС директоры А.Е.Құлшынбай және т.б.

ПБК оқытушысы Толыбаев Г.Ж. ОҚО бойынша колледждер арасында ұйымдастырылған «Үздік өндірістік оқыту шебері» байқауынан 2017 жылы I орын иегері болды, 2021-2022ж оқу жылының сәуір айында «WorldSkills Shymkent - 2022» аймақтық кәсіптік - шеберлік чемпионатында бас сарапшы қызметін жауапкершілікпен атқарғаны үшін Шымкент қаласы білім басқармасының басшысының міндетін атқарушы Әліш Рыскелді атынан Алғыс хатпен марапатталды.

Оқытушылар сонымен қатар өз пәндерінен техникалық үйірмелер жүргізеді. Оларда студенттер күрделі әр деңгейлі электр схемаларын жинауды, реттеуді үйренеді. Әр түрлі әрекеттегі макеттер жасайды, болашақта нақтылы диплом жобасын орындауға дайындалады.

Колледж қабырғасында 2021 - 2024 оқу жылдарында «WorldSkills Shymkent - 2022», «WorldSkills Shymkent - 2023», «WorldSkills Shymkent - 2024» электрмонтаждау жұмыстары құзыреттілігі бойынша аймақтық чемпионатында жүлделі I орынды «07130700 - Электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша 312у тобының студенті Мусырманов Закир (2021-2022, 2022-2023жылдары) және Айтубаев Бектас (2022-2023ж) жеңіп алды және оларға Республикалық чемпионатқа қатысуға жолдама берілді.





















